

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Болашаққа ұмтылған

УНИВЕРСИТЕТ

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Болашаққа ұмтылған университет. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 72 б.

Қазақстанның жетекші университеті – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 85 жыл толды.

Басылымда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметінің негізгі бағыттары және оның әлемдік ғылыми білім беру кеңістігіндегі жетістіктері ұсынылған.



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ –
жаңа Қазақстан білім мен ғылымының форпосты**

Нұрсұлтан Назарбаев



ДӘСТҮР МЕН ИННОВАЦИЯ САБАҚТАСТЫҒЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұлттылған **УНИВЕРСИТЕТ**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ УНИВЕРСИТЕТІ

1934 жылы негізі қаланған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан білімі мен ғылымының, жоғары білім беру ісінің ең ірі орталығы болып табылады.

Өткен онжылдықта өзінің даңқты жолынан жүріп өткен жоғары оқу орны бүгінде еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің діңгегі ретінде әлеуметтік-саяси және экономикалық өмірдің дамуына зор үлес қосуын жалғастырып келеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін университетке адамзаттың екінші ұстазы және түркі әлемінің ұлы ойшылы Әбу Насыр ибн әл-Фарабидің есімі, ал 2001 жылы елдегі тұңғыш ұлттық университет мәртебесі берілді.







2003 жылы қыркүйек айында ҚазҰУ Қазақстан және Орталық Азия елдері арасында бірінші болып Университеттердің Ұлы Хартиясына (Болон үдерісі) қол қойып, білім мен ғылымның әлемдік кеңістігіне кірді.

Университеттің дамуына зор көңіл бөлетін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2009 жылдың қазан айында ҚазҰУ-да оқыған дәрісінде университетті жаңа Қазақстан білім мен ғылымының форпосты деп атады.



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ АЛҒЫ ҚЫЗМАТКЕРЛІГІ

ҚАЗҰУ ӘЛЕМ РЕЙТИНГТЕРІНДЕ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұлттылған **УНИВЕРСИТЕТ**

ҚАЗҰУ ФЕНОМЕНИ

Бүгінде ҚазҰУ-дың дамуы Қазақстанның Бірінші Президенті алға қойған әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруге өз үлесін қосу және әлемнің ең үздік 200 университетінің санатына енумен байланысты. Университеттер адам капиталын қалыптастырудың субъектісі ретінде жаңғырту үдерістерінің және елдің инновациялық дамуының драйвері болуы тиіс.

Әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу жолында білім ордасы халықаралық рейтингтерде қарқынды түрде алға жылжуда. Соңғы бес жылда ҚазҰУ халықаралық QS рейтингінде 400 позицияға көтеріліп, бүгінде 207 орынға ие болып отыр. ТМД елдері арасынан бұл топқа М.В. Ломоносов атындағы ММУ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғана енді.


Ол – «QS Stars Development Road map» халықаралық рейтингінде Орталық Азия өңірі бойынша және Қазақстан университеттері ішінде «Төрт жұлдыз» алған тұңғыш әрі жалғыз жоғары оқу орны.





QS тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша ҚазҰУ Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның үздік 20 жоғары оқу орнына кіреді.

«QS World University Ranking by Subject 2019» пәндік рейтингі бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ТМД елдері жоғары оқу орындарының арасында бірінші болып «Заманауи тіл білімі» мамандығы бойынша әлемдегі ең үздік 51-100 топқа кірді. Жалпы аталмыш рейтингке қазақстандық жетекші университеттің алты мамандығы енген.



Modern Languages
#51-100

Arts and Humanities
#339

Social sciences and
management #364

Linguistics #201-250

English language and
literature #251-300

Law #251-300



«Соңғы жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «QS» халықаралық рейтингінде қарқынды дамып келеді. Университеттің бұл бағыттағы табысты жұмысы әлемнің жоғары орындарында қолданылуда, ол бірегей әрі өзекті».

*З. Зайцева,
Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы
QS-тің (Ұлыбритания) аймақтық директоры*

Ғаламдық «UI Green Metric Ranking of World Universities» рейтингінің зерттеу мәліметтері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің үздік 200 экологиялық университет қатарында 172-орынға көтеріліп, өз позициясын нығайтты.



Британдық «Times Higher Education» (THE) агенттігінің зерттеу нәтижесі бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орта Азия университеттері арасында бірінші болып әлемнің үздік университеттері қатарына енді.



Еуропалық ғылыми өнеркәсіптік палатасы еуропалық рейтингінде ҚазҰУ «АА» бағасын алып, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының тобына енді.

«Great Value Colleges» (АҚШ) халықаралық беделді ұйымның зерттеу нәтижесінде ҚазҰУ әлемнің технологиялық жағынан ең дамыған 50 университетінің қатарына еніп, 31-орынды иеленді.



ҚазҰУ – ұлттық жоғары оқу орындары тәуелсіз рейтингінде тұрақты және абсолютті көшбасшы («Қазақстан-2050 – Инновация және академиялық артықшылық бойынша ұлттық рейтинг», ББСҚТҚА, АРТА).



Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі



НҚАОҚО

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз Қазақстан агенттігі



Бүгінде ҚазҰУ-дың феноменалдық тәжірибесін әлемнің жетекші университеттері зерттеуде, бұл – университеттің әлемдік деңгейдегі жоғары бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші.



БҰҰ-НЫҢ ЖОҒАРЫ СЕНІМІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл


Болашаққа ұмтылған **УНИВЕРСИТЕТ**

2014 жылдан бастап БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының тұрақты даму жөніндегі ғаламдық хабын қатарынан үшінші жыл басқарып отырған ҚазҰУ «G-Global» платформасын қоса есептегенде көптеген халықаралық алаңда тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға елеулі үлес қосып келеді.

БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасы азаматтық өркениетті дамытуды қамтамасыз ету бойынша 10 қағиданы жүзеге асыруда әлем университеттерін біріктіреді.



2018 жылдың 17 мамырында XI Астана экономикалық форумы (АЭФ) аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтын ашты.



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да менің есіміммен тұрақты даму институтының ашылуы зор құрмет деп білемін және қуаныштымын. Тұрақты даму мәселелері бойынша академиялық қоғамдастықтың әлемдік үйлестіруші ретіндегі оның озық тәжірибелері БҰҰ-да тиімді, сұранысқа ие және жоғары бағаланады. Университет БҰҰ-ның мыңжылдықтағы сынақтарға қарсы бағытталған бастамаларын алға жылжытуда мойындалған көшбасшы».

*Пан Ги Мун,
Біріккен Ұлттар Ұйымының VIII Бас хатшысы*

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында БҰҰ Өркендету альянсы қолдауымен университет әл-Фараби іліміне негізделген «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттердің миссиясы» атты халықаралық жобаны жүзеге асыруда.



УНИВЕРСИТЕТ 4.0 – ЖАҢА БУЫН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҮЛГІСІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл


Болашаққа ұмтылған **УНИВЕРСИТЕТ**



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық жоғары білім беру флагманы ретінде жаңа буын университетінің – «Университет 4.0» моделін жасады. Бұл модель ұлы ойшыл әл-Фараби идеялары негізінде және инновациялық жүйе мен жаңаша көзқарас «өсу нүктесінің» негізіне айналған жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформаларының симбиозын құрайтын «Al Farabi University Smart City» тұжырымдамасы бойынша жүзеге асырылады.

Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау және нәтижелерге негізделген басқару жүйелерін енгізу – «Университет 4.0» төрт маңызды миссиясын тиімді түрде жүзеге асыруға ықпал етті. Бұлар – білім беру, зерттеулер жүргізу, инновацияларды өндіріске енгізу және жоғары білікті мамандарды елінің және әлемнің азаматы ретінде рухани адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу.

БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының тұрақты даму жөніндегі ғаламдық хабын қатарынан үшінші жыл басқарып отырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб пәтерінде өткен Өркениеттер Альянсы форумында өзінің «Университет 4.0» моделін таныстырды, нәтижесінде оны әлемдік деңгейде кеңінен тарату ұсынылды. Жоба, сонымен қатар Израиль, Австрия, Египет, Ресей, Беларусь елдерінде халықаралық қоғамдастықтың қолдауына ие болды және заманауи кезеңдегі әлемдік трендтерге жауап беретін университеттер дамуының перспективті үлгісіне айналуда. Бүгінде жоғары оқу орындарының көшбасшысы ретінде ҚазҰУ-дың прогрессивті бастамалары өзге де жоғары оқу орындарына кеңінен енгізілуде.



Ә.А. ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ
СТУДЕНТТЕР САРАЙЫ



САПАЛЫ БІЛІМ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұмтылған **УНИВЕРСИТЕТ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бүгінде – Орта Азиядағы ең ірі ғылыми білім беру хабы, инновацияны генерациялау және технологияны трансферттеу орталығы.

Университеттің мақсаты – ерекше түрдегі адам капиталын қалыптастырудағы сапалы жаңа нәтижеге жету, ел және әлем азаматтарын дайындау, елдің тұрақты дамуына қолдау жасау. Университет тіршіліктің барлық саласында инновациялық технологияларды енгізуге барынша жағдай жасай отырып, қоғамдағы ілгерінді экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің қозғаушысы болып табылады. Біздің көз алдымызда шынайы дамып жатқан цифрлық өркениет тұсында университет ғылымды қажет ететін экономика үшін кадрлар дайындау бойынша өте маңызды міндеттерді орындап отыр.



ҚазҰУ-дағы бакалаврларды, магистранттарды және PhD докторанттарды халықаралық сапа стандарттарына сәйкес дайындау жүйесі ең беделді халықаралық аккредитациялау агенттіктерімен (AQUIN, ASIIN, AQA, FIBAA және басқаларымен) бекітілген. ЖОО-ның бірқатар білім беру бағдарламаларында EUR-ACE® Label еуропалық сапа белгісі бар.

Аккредитацияланған білім беру бағдарламаларының саны



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алушылардың контингенті соңғы 5 жыл ішінде екі есеге көбейіп, іс жүзінде 25 545 адамға жетті.



2018-2019 оқу жылында ҚазҰУ 400-ден аса шетелдік абитуриенттерді қосқанда бірден 10 000-нан астам адамды оқуға қабылдап, абитуриенттер тартудан абсолютті рекорт жасады. Барлық «Алтын белгі» иегерлерінің және Республика бойынша халықаралық, республикалық олимпиадалары жеңімпаздарының 70 %-ы білім алу үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдайды.



Университетте 2000-нан аса профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары және философия докторлары, 100-ден аса ірі академиялардың академиктері, 40-тан аса ҚР-ға еңбегі сіңген қайраткерлер, 40-қа жуық ҚР мемлекеттік және атаулы сыйлықтарының лауреаттары жұмыс істейді. ҚазҰУ-дың 120 педагогі ҚР Білім және ғылым министрлігі тағайындайтын «ЖОО Үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлері болып табылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ лекциялар оқу және кеңестер мен семинарлар жүргізу, сондай-ақ магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілер ретінде тағайындау үшін жыл сайын әлемдік жетекші ЖОО-дан 500-ден астам шетелдік ғалымдарды шақырады.

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЛАРЫ



Джордж
Фицджеральд Смут



Мюррей Гелл-Манн



Эрвин Неер



Финн Кюдланд



Джеймс Александр
Миррлис




Роджер Корнберг



Азиз Санжар



Кристофер
Писсаридес



Университетті көріп, шындығында да өте жақсы әсер алғанымды түсіндім. Айтқым келетіні, болашаққа қатысты тамаша ойлау рухын көремін.

*Джон Ф. Нэш,
экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты*

ҚазҰУ қызмет істеп жатқан білім беру кеңістігі, талай уақыттан бері Қазақстан шекарасымен шектелмейді. ҚазҰУ барлық деңгейлердегі – ұлттық, аймақтық және халықаралық өсу мен дамудың драйвері болып табылады.

Университет, жергілікті, сондай-ақ жаһандық еңбек нарығын бәсекеге қабілетті түлектерімізбен қамтамасыз ету үшін білім беру саласында әлемдік треттермен қатар жүріп келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ елде бірінші болып open.kaznu.kz тұғырнамасында жаппай ашық онлайн курстарын іске қосты. Мұнда 2014 жылдан бастап 15000-нан аса адам білім алды. ҚазҰУ-дың Жаңа білім беру технологиялары институты және ҚР Ұлттық ғылым академиясының жоғары мектебі арасындағы ынтымақтастық Қазақстанның ашық білім беру Ұлттық тұғырнамасының құрылуына алып келді. Оның мүшелігіне Қазақстанның және шетелдің серіктес оқу орындары кірді. Бүгінгі күні тұғырнаманың дамуына Еуразиялық ӘҚ мен ТМД елдерінің 130-дан астам университеттерінің басын қосатын Қазақстан Республикасының және Жібек жолы университеттер альянсының 24 ЖОО-сына қатысады. Осылайша, ҚазҰУ білім беру қызметін көрсетудің жаңа деңгейіне көшуді жүзеге асырды.

МИРОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ
в сфере открытого онлайн образования

КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

НАН ВШК

ВУЗЫ-ПАРТНЕРЫ

MOOCs

edX

UDACITY

НАЦИОНАЛЬНАЯ ПЛАТФОРМА ОТКРЫТОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА
<http://moocs.kz/>

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ПЛАТФОРМЫ ОНЛАЙН ОБРАЗОВАНИЯ

Открытость
Все курсы предоставлены в открытом доступе

Массовость
Сотни тысяч слушателей в одном курсе

Онлайн режим
Независимость от географического местоположения слушателей

введение в Казахстане с 2014 года

количество слушателей более 13.000

выдано сертификатов более 2.000

Ресурсы:
Coursera
edX
Udacity

Партнеры:
Kaznu
Nan Vshk
Moocs

Контакты:
Ресурсы: open.kaznu.kz/
Имя: www.kaznu.kz/
Веб-адрес: www.kaznu.kz/
Город: Алматы

Партнеры:
Алматы: www.kaznu.kz/
Астана: www.kaznu.kz/
Актюба: www.kaznu.kz/
Атырау: www.kaznu.kz/
Баткен: www.kaznu.kz/
Баян-Өлмес: www.kaznu.kz/
Білім: www.kaznu.kz/
Білімгер: www.kaznu.kz/
Білімші: www.kaznu.kz/
Білімшілік: www.kaznu.kz/
Білімшілік:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2018 жылдың 10 желтоқсанында ҚР ҰҒА ЖМ-мен бірлесе отырып, Қазақстанның (<http://moocs.kz/>) ашық білім беру Ұлттық тұғырнамасында Open Master Class ашық білім берудің жаңа интернет жобасын іске қосты. Open Master Class (OMC) – бұл қызықты, тегін және әркімге қолжетімді Қазақстанда танымал кісілердің онлайн курстары: мәдениет пен ғылым, бизнес пен қаржылар әлемінің және саясат пен ақпараттық технологиялар өкілдері.




Онлайн оқытудың сәтті әдістемелері мен практикасын енгізу тәжірибесін тарату мақсатында университет онлайн оқыту саласындағы біліктілік орталығын ашады. Аталмыш орталықтың мақсаты онлайн курстарды жасау және оқу үдерісінде тиімді қолдану үшін кадрлық әлеуетті қалыптастыру болып табылады. Бүкіл Республика бойынша онлайн білім берудің кәсіби мамандарын біріктіру үшін ҚазҰУ қашықтықтан оқыту идеялары мен тәжірибесін тиімді жүргізетін ұйым ретінде онлайн білім беретін оқытушылар ассоциациясын құру жөнінде бастама көтерді.

Білімді цифрландыру, білім беру бағдарламаларын әртараптандыру және оқытуды жеке дараландыру қазіргі өзгермелі әрі күрделі еңбек нарығының талаптарына лайықты жауап болып табылады. Универси-

тет Қазақстанда алғаш рет білім берудің барлық деңгейінде – бакалавриаттан PhD докторантураға дейін ағылшын тілінде оқытатын кадрлар дайындауды кеңінен жүргізе бастады. Соңғы 5 жылда ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларының үлесі 70 %-ға дейін өсті. Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша университет Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторлары үшін ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады. Бұл бағдарламалардың серіктестері – Токио университеті (Жапония), Колумбия университеті (АҚШ), KAIST University (Оңтүстік Корея) және басқа да осы тәріздес жетекші шетелдік университеттер.

Ағылшын тілінде оқыту бағдарламалары



Экономиканы жаңғыртуға және индустрияға арналған кадрлар дайындауға бағытталған мемлекеттік даму бағдарламалары еңбегінде 4.0. АТ және жоғары технологиялар саласында жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында 2018 жылы Ақпараттық технологиялар факультеті ашылды және е-коммерция, сандық лингвистика, BIG DATA, жасанды интеллект, геоинформатика, заттар интернеті, биоинформатика және т.б. осы сияқты жаңа инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді. Бұл бағдарламалардың Қазақстанда баламасы жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



Қазақстанда алғаш рет 2015 жылы көпсалалы университет негізінде ашылған медицина факультеті биыл клиникалық курс ашып, «Жалпы медицина» мамандығына бакалаврлар қабылдауды жүзеге асырды және Оңтүстік Кореяның жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары бойынша шетел студенттерінің үлкен контингентін тарта алды. 2019 жылдан бастап факультетте «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдайды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ



Елбасының қолдауымен ҚазҰУ-ға Алматы қаласындағы №1 емхананың сенімді басқармасы ретінде өкілеттілік берілді. Мұнда медициналық білімнің, ғылымның және тәжірибенің толыққанды интеграциясы шеңберінде жаңа технологиялар арқылы халықаралық талаптарға сай сапалы медициналық қызмет көрсетілетін болады.



ҚазҰУ – алдыңғы қатарлы шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп, қос дипломды білім берудің 70-тен аса бағдарламаларын жүзеге асыратын Қазақстандағы жалғыз университет.

ҚазҰУ-да Лотарингия (Франция), Ла Сапиенза (Италия), Ресей халықтар достығы университеті (Ресей), Каунас университеті (Литва), Осака университеті (Жапония), Ханкук университеті (Корея), сондай-ақ Испанияның Валенсия политехникалық университеті және басқа университеттермен бірлескен қос дипломды бакалавр, магистрлік және PhD бағдарламалары жүзеге асырылуда.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті (USCO) және Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Желілік ашық университетінің Ұлттық ректораты болып табылады. Соңғы бес жылда университеттер желісі мәліметтерінің шеңберінде бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларының және дайындау бағыттарының саны екі есе өсті, дайындалған магистрлер саны шамамен 300 адамды құрады.



Университет базасында Қазақстан мен Францияның бірлескен магистратурасы мен докторантурасында оқытып, диплом беру арқылы геология және энергетикалық ресурстарды өндіру саласында қазақстандық ғылыми элитаны қалыптастыру мақсатында «Гео-энергетика» Халықаралық қазақ-француз орталығы жұмыс істейді.

Бұл оқу жылында посткеңестік кеңістікте тұңғыш рет Астана Халықаралық қаржы орталығы және Бенхалиф университеті (Катар) бірлесіп әзірлеген исламдық қаржыландыру бойынша бірегей білім беру бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама экономиканың қаржы секторы үшін аса қажет болып табылады. 2019 жылдың 15 мамырында ҚазҰУ аталмыш ұйымдармен әріптестікте посткеңестік кеңістіктегі бірінші Ислам қаржы орталығын ашты.



Өз кезінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия университеттерінің арасында бірінші болып Болонья қаласындағы университеттердің Ұлы Хартиясына қосылып, осы арқылы өзінің халықаралық ғылыми және білім беру кеңістігіне араласып, кіріккендігін білдірді.

ҚазҰУ-дың жетекші шетелдік университеттер базасында қазақ тілін және мәдениетін зерттейтін әл-Фараби атындағы халықаралық ғылыми білім беру орталықтарын ашу тәжірибесі ерекше болып табылады. Голландия, Түркия, Иордания, Италия, Қытай, Египет және басқа елдердің

алдыңғы қатарлы университеттерінде осындай 12 орталық құрылды, кейіннен олардың негізінде ҚазҰУ филиалдары ашылатын болады.

 <p>ГЕРМАНИЯ Росток университетіндегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зертханасы</p>	 <p>ИТАЛИЯ Венециядағы Ка Фоскари университетінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ орталығы</p>	 <p>ЖАПОНИЯ Цукуба университетімен бірге Кампусағы кампус жобасы</p>
  <p>ҚЫТАЙ Пекин және Шанхай шет тілдер университетіндегі қазақстандық ҚазҰУ орталығы</p>	 <p>ҚазҰУ-дың шетелдегі ғылыми білім орталығы</p>	 <p>ПАКИСТАН Карачи қаласы институтындағы ҚазҰУ-дың фитохимия зертханасы</p>
 <p>ТҮРКИЯ Ыстанбұл университетіндегі Әл-Фараби еуразиялық зерттеу орталығы</p>	 <p>ИОРДАНИЯ Иордания университетіндегі әл-Фараби мәдени және ғылыми зерттеу орталығы</p>	 <p>ИРАН Шахид Бехешти атындағы университетіндегі «әл-Фараби» орталығы</p>
 <p>ЕГИПЕТ Каир университетіндегі әл-Фараби орталығы</p>	 <p>БОЛГАРИЯ София университетіндегі әл-Фараби орталығы</p>	 <p>ЛИТВА Витовта Ұлы Каунас университетіндегі әл-Фараби орталығы</p>

Университеттің академиялық саясатының негізгі ұстанымдарының бірі оқудың бірінші жылынан бастап қажетті кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға барынша мүмкіндік беретін, білім алушыларды үздіксіз тәжірибелік дайындауға бағыттау болып табылады. Білім беру мен өндірістің өзара тығыз интеграциясына жағдай жасайтын өзара ынтымақтастықтың түрі, кәсіпорындарда университет кафедраларының филиалдарын ашу саналады.

ҚазҰУ кафедралары Қазақ тағамтану академиясында, «Казфосфат» ЖШС, «Космос техникасы және технологиясы институты» ЖШҚС, «Қазақстан Республикасы минералды шикізатты кешенді өңдеу ұлттық орталығы» РМК, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ашылған. Сабақтың 30 %-ы тікелей университеттің әріптес ұйымдарының базасында өткізіледі.

Соңғы 5 жыл ішінде ҚазҰУ-да 700-ден аса жұмыс беруші компаниялардың қатысуымен 23 рет бос орындар жәрмеңкесі өткізілді, оны 20000 түлек көріп қайтты.

2019 жылы университет алғаш рет түлектер мен жұмыс берушілердің өзара әрекеттесуіне арналған «Жастар және мансап» атты бірегей портал – электронды алаңды іске қосты.



ҚазҰУ-дың білім беру инновациялары көптеген жағдайда республика мен тұтас аймақтық білім беру жүйесінің даму трендін айқындайды. Университет түлектері еліміздің интеллектуалды және басқару элитасын толықтырып отырады, Қазақстанның жылдан-жылға алға қарай дамуын көрсететін ауқымды жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі лауазымдарға ие болады.



САНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұмтылған **УНИВЕРСИТЕТ**

ҚазҰУ – Орталық Азиядағы Big Data және салалық технологиялар сияқты жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялары бар бірінші смарт-университет, олар барлық үдеріске – бакалавр, магистр немесе PhD докторы қабылдауынан бастап бітіруіне және жұмысқа орналасуына дейін кіріктірілген. Смарт-университет технологиялық платформасының өзегі – оқу үдерісіне қатысты барлық санаттағы қолданушыларды автоматтандырылған жұмыс орнымен қамтамасыз ететін «Универ 2.0» ақпараттық-талдау жүйесі.

ҚазҰУ-дың IT-мамандары әзірлеген «Универ 2.0» бағдарламалық кешені Қазақстан Республикасының ірі университеттеріне енгізілген және Майкрософт компаниясы тарапынан жоғары бағаланды.

ЦИФРЛЫ УНИВЕРСИТЕТ- ЭЛЕКТРОНДЫ КАМПУС



Өзара тәжірибелік трансферт және нақты өндіріс салалары мен білім арасындағы инновациялар білім беру бағдарламаларының шеңберінде ірі инновациялық корпорациялардың ғылыми оқу орталықтарымен қамтамасыз етіледі.



ҚазҰУ – «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica Minolta», «Fujitsu», «Samsung», «Alcatel», Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және басқа да ірі компаниялар орталықтарының білім беру кластерлері бір уақытта бірдей қызмет атқаратын Орталық Азиядағы бірден-бір университет. Бұл вендорлардың арнайы курстары университеттің білім беру бағдарламаларына енгізілген.



Университетте қазіргі коммуникациялық құралдармен жабдықталған бақылау және жылдам шешім қабылдау үшін ақпаратты талдау мен белсенді түрде жинауға арналған жағдаяттық басқару орталығы құрылған. Орталық оқу үдерісін, сондай-ақ ғылыми зерттеу, әлеуметтік, шаруашылық және әкімшілік басқару қызметтерін интегралды басқаруды қамтамасыз етеді. Орталықты құру жобасы жоғары оқу орнын басқару мен жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық өзгерістердің жалғасы болып табылады.

ЖАҒДАЯТТЫҚ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ



Әлемдік жетекші «Майкрософт» ІТ компаниясымен стратегиялық серіктестік университеттің цифрлы трансформациясын тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Microsoft Power BI» бизнес-сарапшы салалық қызметтері табысты түрде енгізілген, сарапшылардың пікірінше, бұл жобаны іске асыру жоғары оқу орны қызметінің сапасын жаңа деңгейге көтерді. Майкрософт мамандары ҚазҰУ-да алғашқы цифрлы университет моделінің табысты түрде жүзеге асқаны туралы фильм түсірді. Бұл фильм біздің университеттің жаңа тәжірибесі ретінде компания сайтында әлемнің миллиондаған қолданушылары көру үшін қолжетімді түрде орналастырылған.

БИЗНЕС-САРАПШЫ САЛАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ



ҚазҰУ әлемнің 150 университеті кіретін «Жаңа Жібек жолы университеттерінің альянсы» халықаралық ІТ-технопаркін құру арқылы елімізде ІТ-технология дамуының болашағына жаңа жол ашады. Оның өзегі ҚХР үкіметтік гранты арқылы алынған еліміздің Бірінші Президенті ҚазҰУ-ға берген суперкомпьютер болып табылады.

Дата составления отчета
23 февраля 2018


Всего студентов

19373

ДРУГАЯ СТРАНА
909
Количество Студентов

КАЗАХСТАН
18464
Количество Студентов

- гражданство
- ДРУГАЯ СТРАНА
 - КАЗАХСТАН
 - (Пусто)
 - Ақмолинская
 - Ақтөбінская
 - Алаш-Атінская
 - Атырауская
 - Батыс Қазақстанская
 - г. Алматы
 - г. Астана
 - Другая страна
 - Жамбылская
 - Западно-Казахстанская
 - Карагандинская
 - Қызыл-Ординская
 - Құстанайская
 - Маңғыстауская





ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұлттылған **УНИВЕРСИТЕТ**

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азияда теңдесі жоқ дамыған ғылыми инновациялық инфрақұрылымы бар зияткерлік корпорация болып табылады және оған 16 факультет, 8 ҒЗИ, 5 институт және 30 әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылыми орталық кіреді.

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

ҚазҰУ – бірегей ғылыми-инновациялық құрылымы бар Қазақстан Республикасының жалғыз жоғары оқу орны

Ғылыми зерттеулер ҚР өркендеу үрдістеріне және ғылым мен техниканың дамуындағы ғаламдық тенденцияларға сәйкес жүргізіледі




Университет ғалымдары соңғы бес жылда ҚР БЖҒМ «Ғылым қоры» АҚ, ұйымдар және кәсіпорындармен жасалған шаруашылық келісімшарттары, сондай-ақ халықаралық қорлар мен ұйымдар тарапынан гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында 1826 мыңға жуық ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асырды. Бес жыл ішінде ҒЗЖ қаржыландырудың жалпы көлемі 22 млрд 673 млн теңгеден асады.

Қазіргі уақытта Scopus деректер базасында Қазақстан ғалымдарының 15 мыңға жуық жарияланымдары бар, олардың 3200-і немесе 21 %-ы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Яғни рейтингтік журналдарда қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланымы – бұл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының үлесі.

Соңғы бес жылдағы жарияланым белсенділігінің қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Web of Science» және «Scopus» халықаралық деректер базасында индекстелетін нөлдік емес импакт-факторға ие рейтингті басылымдарда жарияланған мақалалар саны бойынша Қазақстанның ғылыми зерттеу ұйымдары мен жоғары оқу орындарының арасында бірінші орынды иеленді.


Scopus базасындағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші мақаласы ҚазҰУ ғалымына тиесілі



■ Қазақстанның ҒЗИ, басқа ЖОО

■ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны 2014 жылмен салыстырғанда 2 есеге өсті



Қазіргі уақытта 14 студенттік бизнес-инкубаторда 80-нен астам студенттік инновациялық жоба жүзеге асырылуда. Студенттердің ғылыми жұмыстарын белсенді орындауға ынталандыру мақсатында студенттік ғылымды қолдау үшін гранттық қаржыландырудың жалпы көлемінің 10 %-ы ақылы негізде жыл сайын бөлініп отырады.

«ИНДУСТРИЯ 4.0» ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЫ



келісімшарттық
зерттеулер мен
әзірлемелер



ПРОТОТИПТЕУ

өнеркәсіптік дизайн, 3d-прототиптеу, функционалдық жабындар, компьютерлік инжиниринг, электрондық схемаларды әзірлеу, дәлдік механикалық өңдеу

ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР

Тәжірибелік үлгілерді жасау, патенттеу, өнімді сертификаттау, техникалық жобалау

ӨНДІРІС

шағын сериялар, СББ станоктар, құрастыру және дәнекерлеу учаскелері, электроника және дәнекерлеуді әзірлеу учаскесі



DMG MORI

Неміс-жапон мекемесі: Индустрия 4.0 үшін тәжірибелі өнеркәсіптік үлгілерді құру

ҚазҰУ білім, ғылым және инновациялық өндіріс интеграциясына бағыт алып, белгілі әлемдік зерттеу университеттерінің деңгейіне жақындады. Жоғары оқу орнында құрылған «Индустрия 4.0» жоғары технологиялық аймағы озық технологиялық шешімдерді әзірлеуге және инновациялық өнімді өндіріске енгізуге арналған алаңға айналды.

Жоғары технологиялар саласын қалыптастыру Корея, Ресей және Қазақстан ұйымдарының ғылыми зерттеулерін және жобаларын тарту арқылы жүзеге асырылады, сонымен бірге «R&IID» халықаралық инновациялық-өндірістік консорциумы құрылды. Оған «Қазмырыш» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» АҚ, «Қазхром ТҰК» АҚ, «Үлбі металлургиялық зауыты» сияқты ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар қатысады.

ЭКСПО-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ ҰСЫНЫЛҒАН «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯ» ЖОБАЛАРЫ



Көмірсутекті газ қоспасын конвективті диффузия әдісі арқылы қажетті қасиеттері бар компоненттерге бөлуге арналған құрылғы



Жылу және электр энергиясын алуға арналған автономды күн қондырғысы



ЖЭС және қазандықтардың энергия тиімділігін арттыруға арналған плазматрон



Планарлы концентраторы бар кремний күн батареяларын өзірлеу

Университетте құрылған ғылыми технологиялық парк, үдерістік инновациялар орталығы және «жасыл технологиялар» орталығы инжиниринг және ғылымды қажет ететін технологиялардың қазіргі заманғы кластері болып табылады. «Жасыл технологиялар» орталығы ЭКСПО-2017 мұрасы ретінде бүгін «Жасыл энергетика» және жаңа формация мамандарын дайындау бойынша инновациялық жобаларды жүзеге асыруда.

ҚазҰУ кампусының аумағында оқытушылар, студенттер және Алматы тұрғындары үшін экологиялық тұрғыдан есепке алынған және қолайлы ортаны қалыптастыру мақсатында жасанды «Аквапоника» экожүйесін және шағын сәулет нысандарын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы негізде ҚазҰУ тұңғыш рет Бразилияда РИО+20-да ұсынылған және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жасыл көпір» атты бастамасын қолдау мақсатында «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» халықаралық жобасын енгізу жүзеге асырылуда.

«ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АЙМАҒЫ



Биогаз, сутекті энергетика, жел, күн, гидро және геотермальды энергияларды заманауи технология негізінде алу үшін ИИДМБ жаңа формациясындағы мамандарды дайындаумен «Жасыл энергетика» бойынша инновациялық жобаларды іске асыруға арналған «**ШАҒЫН-ЭКСПО**».



Жел энергетикасы



Күн энергетикасы



Гидроэнергетика



Геотермальды энергетика



ҚХР Ғылым академиясының Аэроғарыштық ақпарат ғылыми зерттеу институтымен бірлесіп Жерді қашықтықтан зерделеу орталығы ашылды. ҚазҰУ бұрынғы кеңестік кеңістіктегі бірнеше университеттердің ішіндегі алғашқы қазақстандық «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наносеріктерін ғарышқа шығарды. Бұл ғарыштық технология саласында қуатты кластер құруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда шетелдік серіктестермен бірлесе отырып, отандық университеттік микросерігін әзірлеу жұмыстары басталды.




ЕЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМ АЗАМАТТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚАЛЫПТАСУЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұлттылған УНИВЕРСИТЕТ



Біздің қоғамның идеалы – ол өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, бұл ретте заманауи, шетел тілдерін меңгерген, алдыңғы қатарлы және жаһандық көзқарасы бар қазақстандық болуы керек.


Н. Назарбаев



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласының басты тұжырымдарын ұстаным тұтқан Университет 4.0 маңызды міндеті – жас ұрпақтың рухани болмысын қалыптастыру.

Университеттің жаңа корпоративтік идеологиясы мен серпінді элеуметтік жобалары жастарды патриоттық тұрғыда әрі елінің және әлемнің азаматы ретінде тәрбиелеуде жаңа сапалы нәтижеге мүмкіндік берді.

Жоғары этикалық стандарттар мен ұжымдық мәдениет ережелерін енгізу салауатты әлеуметтік ортаны құруға жол ашты.




Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұсынысымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Жемқорлықтан тыс университет» жобасын іске асырудағы оңтайлы тәжірибесі Қазақстанның өзге де білім ордаларында енгізілуде.



Студенттік ұйымдармен, түлектермен және жұмыс берушілермен әлеуметтік серіктестіктің инновациялық механизмі жасалды.

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ ҚАЗҰУ-ДА МЫНАДАЙ ҚҰРЫЛЫМДАР ПАЙДА БОЛДЫ:



ҚазҰУ-да 2014 жылдан бері жыл сайын Бірінші Президент күніне орай ұйымдастырылатын «Мен жастарға сенемін!» республикалық форумы ел көлемінде студенттер үшін шығармашылық алаңға айналды. Бес жыл ішінде форумға Қазақстанның барлық өңірінен 7 мыңнан астам студент қатысты.



Жұмыстың клубтық түрлері қарқынды дамуда. Студенттік клубтар мен үйірмелерге қатысушылар саны соңғы бес жылда 2,5 есеге өсті.

КЛУБТАР МЕН ҮЙІРМЕЛЕРГЕ ҚАТЫСУШЫ СТУДЕНТТЕР САНЫ



ҚазҰУ – студенттік спорттың тұрақты көшбасшысы. Соңғы төрт кезеңде университет құрамасы қатарынан ҚР жоғары оқу орындары жазғы универсиадасының чемпионы болып отыр.

Оңтүстік Кореяда 2015 жылы өткен Дүниежүзілік жазғы универсиададағы Қазақстанның 6 медалінің 5-еуі – ҚазҰУ студенттерінің жеңісі.

Рио-де-Жанейрода 2016 жылы өткен жазғы олимпиада ойындарына қатысқан ҚазҰУ-дың 17 спортшы студенті Қазақстан қоржынына «алтын», «күміс» және «қола» олимпиадалық медальдарын әкелді.



2017 жылы Тайбэйде (Тайвань) өткен бүкіләлемдік Жазғы универсиадада студенттер 4 алтын медаль, 2 күміс және қола медаль жеңіп алды.

2018 жылы Джакартада (Индонезия) өткен Жазғы Азия ойындарында ҚазҰУ студенттері 2 күміс, 3 алтыннан тұратын жалпы 5 медаль иеленді.



Соңғы 5 жылда ҚазҰУ-дың Әлеуметтік пакеті аясында әлеуметтік қолдауға, соның ішінде демеушілік шәкіртақыларға ие студенттер саны 3 есеге артты. Оның ішінде 700 миллион теңгеден астам қаржы дарынды студенттерді қолдау үшін шәкіртақы түрінде берілді.

ҚАЗҰУ СТУДЕНТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТІН СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА 10 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ИЕЛЕНДІ

- 3565** үздік оқыған және әлеуметтік жағдайы төмен топтағы «жақсы» оқыған студенттердің оқу ақысына 25 % жеңілдік берілді
- 1789** студент әлеуметтік шәкіртақылардың иегері атанды
- 3672** студент ғылыми жобаларға және СҚЖ-ға қатысып, еңбекақысын алды
- 1030** студент адрестік әлеуметтік көмекке ие болды

2015-2019 жылдары университетке сырттан – түлектер мен серіктестер тарапынан жалпы сомасы 2,5 млрд теңгеден асатын инвестиция тартылды.


ДАРЫНДЫ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ДЕМЕУШІЛІК ШӘКІРТАҚЫЛАР (млн теңге)



Әлемде теңдесі жоқ, бірегей, бір терезе қағидасы бойынша қызмет ететін «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы құрылды. Мұнда студенттер кампустан шықпай-ақ, 500-ден астам білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени және демалыс қызметтерін пайдалана алады, соның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек және денсаулық диагностикасы да бар.

Оқу үдерістерін ұйымдастыру бойынша қызметтер	Тіркеуші кеңсесі; студенттік бөлім; шетелдік студенттерге академиялық мобильділік бойынша кеңес беру	
Коворкинг орталық	Жастар ұйымдары комитеті; мансап секторы; «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі	
Әкімшілік қызметтер	Заң және қаржы саласында кеңес беру; нотариус; e-gov аймағы; лицензиясы бар аударма	
АКТ қызметтер	Университет АЖ бойынша кеңес беру; рұқсат картасын тіркеу; дәліздік баспа; Wi-Fi	
Медициналық қызметтер	Әлемдік деңгейдегі диагностикалық орталық; халықаралық телемедицина орталығы	
Әлеуметтік маңызы бар қызметтер	Кинотеатр Кір жуатын орын Банк	Супермаркет Сұлулық салоны Авиа және теміржол кассалары







ҚазҰУ қоғам дамуын жаңғырту драйвері ретінде мемлекеттік құрылымдармен бірлесе отырып қоғамның өзекті мәселелеріне арналған ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыратын әлеуметтік-гуманитарлық орталық құрды.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қолдауымен ҚазҰУ базасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыратын «Саналы ұрпақ» жобасының кеңсесін, «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау бөлімін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми зерттеу институтын біріктірген ғылыми білім беру кластері құрылды.



ҚР Жоғарғы Сотының қолдауымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Kelisim» конфликтология және медиация орталығы ашылды. Оның мақсаты – білім беру қызметтері субъектілерінің арасындағы дау-дамайларды реттеу, оқу жүйесіндегі басқа да қатысушылар арасында, студенттік ортада қақтығыстарды болдырмау және алдын алу бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Аталмыш орталықтың жұмысына конфликтология мәселелерін шешу саласындағы мамандар, психологтар, әлеуметтік мамандар тартылған.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Университеттердің әлеуметтік-жауапкершілік халықаралық желісіне (USRN) қабылданды және осы беделді халықаралық ұйымда Манчестер және

Кембридж университеттері, Пекин университеті, Вашингтон университеті, Сан-Паулу университеті және әлемнің басқа да жетекші университеттерімен қатар тұрған ТМД елдері университеттерінің арасындағы жалғыз өкіл.



БҰҰ Өркениеттер альянсымен бірлесе, БҰҰ Global Citizenship EDUCATION білім беру бағдарламасымен үндесетін «Ізгілікті қоғам азаматтарын қалыптастыру. Заманауи университеттердің миссиясы» атты халықаралық жоба жүзеге асуда.

Жоғарыда аталған іс-шаралар нәтижесінде университетте жаңа көзқарастың «өсу нүктесін» қалыптастырған мықты рухани-өнегелік және интеллектуалды платформа құрылды.



ALLIANCE OF CIVILIZATIONS



«Әлемнің университеттері жастарды гуманистік құндылықтар рухында тәрбиелеу үшін нақты қадамдар жасауға бірігуі керек. Бұл БҰҰ-ның «Жаһандық азаматтық» бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді. Осы тұрғыда БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының ғаламдық хабы – ҚазҰУ-дың тәжірибесі мен бастамалары, әсіресе өзекті әрі сұранысқа ие. Ал әл-Фарабидің мұрасы күні бүгінге дейін ақыл мен жүректі біріктіріп байытатын түбегейлі өңдеу күшіне ие білімнің үлгісі болып табылды».

*Нассир Абдулазиз әл-Насер,
БҰҰ Өркениеттер альянсының Жоғары өкілі*



ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 85 жыл

Болашаққа ұмтылған УНИВЕРСИТЕТ

ҚазҰУ құрылғаннан бастап соңғы 5 жылда инфрақұрылым алаңының көлемі 40 % - ға (106 мың шаршы метр) өсті. Олардың көп бөлігі – мемлекеттік жекешелік әріптестік қағидаттарына сәйкес тұрғызылған әлеуметтік нысандар. Бұлар, атап айтқанда, 500 орынға арналған Жас ғалымдар үйі, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, жүзу бассейні, жаңа кітапхана және т.б.

Тимирязев көшесі мен әл-Фараби даңғылын жалғайтын «Мәңгілік Ел» архитектуралық кешені және бірнеше бірегей нысандар жиынтығы студенттік кампустың маңызды көрікті орнына айналды. ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының қолдауымен салтанатты арка салынды.



ҚазҰУ қалашығының аллеясы жаңа заманауи келбетке енді, бірлік, береке мен молшылықты бейнелейтін «Мәңгілік ел» және «Тайқазан» жаңа су бұрқақтары, Қазақстанды жылқылардың отаны ретінде бейнелейтін «Арғымақтар» мүсіндік композициясы бой көтерді. Биыл университетте мемлекеттік жекешелік әріптестік әдісімен Қазақстандағы ең ірі, қазіргі заманға сай, ыңғайлы да жайлы 1287 орындық жатақхана құрылысы басталады.



МАЗМҰНЫ

ДӘСТҮР МЕН ИННОВАЦИЯ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	5
ҚАЗҰУ ӘЛЕМ РЕЙТИНГТЕРІНДЕ.....	11
БҰҰ-НЫҢ ЖОҒАРЫ СЕНІМІ.....	17
УНИВЕРСИТЕТ 4.0 – ЖАҢА БУЫН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҮЛГІСІ	21
САПАЛЫ БІЛІМ	25
САНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТ	39
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР	45
ЕЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМ АЗАМАТТАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚАЛЫПТАСУЫ	53
ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ	69

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Пішімі 60×84 1/16. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.